

\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217







\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217



\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217




11 12 13 14 15 16 17 18 19 20






















\*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217





\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217
























\*Книга представлена исключительно в образовательных целях



согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217



























\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






# Менің мекте

\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217










\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217








\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217



\*Книга представлена исключительно в образовательных целях



согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217




\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217










\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях



согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях



согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217






\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

























\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217











\*Книга представлена исключительно в образовательных целях


согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217





\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217



\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217




\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217




\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217







\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

## 5

## САЯХАТ

## 17-сабақ. Кең далаға саяхат

## БҰЛ САБАҚТА

- Ұлттық ою-өрнектермен танысадының;
- аяққаптың не екенін білесің.

## ТИРЕК СӨЗДЕР

- өрнек
- симметрия
- ырғак



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Алан мен Балапан саған Қазақстанға саяхат жасауды ұсынады. Көктемде дала әдемі кілем сияқты болады (89-сурет). Қарандаршы, далада алуан түрлі түстер бар. Қызыл, сары гүлдер ғажайып өрнек құрайды. **Өрнек** – белгілі бір қашықтықта қайталанған оюлар. Жұмыс дәптерінің 56-бетіндегі тапсырманы орында.



89-сурет. Көктемгі дала

Қоршаған орта сұлулығы түрмистық бұйымдарда көріністапқан. Бұйымдарды өрнектермен де безендіруге болады (90-сурет).



**90-сурет.** Бұйымдарды өрнектермен безендіру

Ертеде көшпелілер ыдыстарды көші-қон кезінде **аяққап** деп аталатын арнайы бұйымға салған. Аяққаптарды былғарыдан, киізден немесе матадан жасаған. Оларды өрнектермен безендірген.



### ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

**Аяққаптың** суретіне назар аудар (91-сурет):

- Оның пішінін анықта.
- Аяққап әшекейінде қандай түс басым?
- Аяққаптан қандай өрнектерді көрдің?



**91-сурет.** Аяққаптар


САЯХАТ

## Ою-өрнек түрлері


Жануартектес




Өсімдіктектес





Геометриялық




Космогониялық



Өрнектегі бірнеше оюдың қайталанып немесе кезектесіп орналасуын **ырғақ** деп атайды.



Менің оюды қалай жасағанымды қара (92-сурет). Оюдың сол және он жағының **симметриялы** екендігіне назар аудар.




**92-сурет.** Симметриялы пішін жасау



## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Түрлі түсті қағаздан аяққап жаса (93-сурет):

- мұғалім ұсынған ою-өрнекпен аяққапты беzenдір;
- суретте көрсетілгендей шашақ жаса;
- шашақты аяққаптың шетіне жapsыр.



**93-сурет.** Аяққап жасау

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Заттарды үстелге дұрыс орналастыр.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.
- Қайшымен жұмыс жасағанда аса ұқыпты бол.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптасыңмен жұмыстарынды алмастыр және бағала.



Ұқыпты



Қызықты



Дұрыс



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Адамдар заттарды, бүйімдарды неге ою-өрнекпен әсемдейді?

## 18-сабақ. Хайуанаттар бағына саяхат

### БҰЛ САБАҚТА

- ермексазбен жұмыс жасаудың тәсілдерін білесің;
- шығармашылық жұмыстар жасайсың.

### ТИРЕК СӨЗДЕР


- мұсіндеу
- мұсін
- иілімділік

Ауылда, фермада жылқы, сиыр, қой, түйе және басқа да жануарлар бар. Олар адамның қамқорлығымен тіршілік етеді. Ал қалада жануарларды хайуанаттар бағынан көруге болады.

### СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Балапанға хайуанаттар бағындағы жануарлардың ерекшеліктерін анықтауға көмектес (94-сурет):

- Пілдің дене мөлшері қандай?
- Керіктің түйеден айырмашылығы қандай?
- Жануарлар түсінің үқастығы мен айырмашылығын айт.




**94-сурет.** Жануарлар мен құстар



## ҮЙРЕНЕ БАСТА


Сыныптастарыңмен бірігіп хайуанаттар бағын жаса (95-сурет). Жануарларды саз бен ермексаздан жасауға болады. Ондай көлемді туындылар **мүсін** деп аталады.



**95-сурет.**

Сазбен немесе ермексазбен жұмыс


Ермексаздың негізгі қасиеті – **иілімділігі**. Иілімді материалдар деп бүйым жасауға қолайлы материалдарды айтамыз. Ермексазбен жұмыс істегендे әртүрлі тәсілдерді қолдануға болады (96-сурет).



**96-сурет.** Ермексазбен жұмыс жасау тәсілдері

**Кесу** – бұл материалды жеке бөліктерге бөлу.

**Біріктіру** – бөліктерді бір-біріне қосу.

**САЯХАТ**

**97-сурет.** Мұсіндеудің құрастыру тәсілі



Мұсіндеудің құрастыру тәсілінде (97-сурет) барлық бөліктерін жеке жасап алғып, содан кейін оларды біріктіреді. Мұндай бүйымдар **көлемді пішінде** болады.

Жұмыс дәптерінің 61, 62-беттеріндегі тапсырманы орында.



### **ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ**

- Алан ермексазды бояулар сияқты араластыруға болады деп санайды. Бұған көз жеткіз.
- Екі түсті ермексазды ал. Оларды қосып, қолыңмен иле. Жаңа түс пайда болды ма? Аланның айтқаны дұрыс па?



### **БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР**

#### **ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- Жұмыс кезінде бетіңе, көзіңе және киіміңе қолыңды тигізбе.
- Жұмыс жасап болған соң қолыңды жу.




## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Сыныптастарыңмен бірлесіп «Хайуанаттар бағы» шығармашылық жұмысын орындаңдар. Ол үшін:

### 1-қадам

- Жұмыс жасауға арналған орынды әзірлеңдер.
- Материалдар мен қажетті құралдарды таңдаңдар.
- Ермексаздан жануардың мүсінін даярландаңдар.

**2-қадам.** Шарбақ түріндегі жануарларға арналған қоршау жасаңдар (98-сурет).



**98-сурет.** Қағаздан қоршау жасау



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Аңдарды хайуанаттар бағына орналастырыңдар. Бүкіл сыныптың жасағандарын бір жерге жинаңдар. Сыныппен бірлесіп атқарған істеріңің нәтижесін талқылаңдар және оған баға беріңдер.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Ермексазben жұмыс істеудің қандай жаңа дағдыларын қалыптастырудың?

Шар тәрізді  
домалақтау

Кесіп  
бөлшектеу

Желіммен  
жапсыру

Жіп тәрізді  
ширату

## 19-сабак. Таңғажайып көліктер

### БҰЛ САБАҚТА

- көлік түрлерімен танысадың;
- көлік түрлерін қалай жасауға болатынын білесің.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- көлік түрлері
- дрон



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Көліктер әртүрлі болады. Көліктер қайда жүретіндігіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

**жерусті көліктері** – жер үстімен қатынайды;

**әуе көліктері** – ая арқылы қатынайды;

**су көліктері** – су үстімен немесе су астымен қатынайды;

**жерасты көліктері** – жер астымен (метро) қатынайды.

Көліктің барлық түрлері адамға пайдасын тигізеді:

**жолаушы көлігі** – қалада да, ауылда да адамдарды баратын жеріне жеткізеді;

**жүк көлігі** – әртүрлі тауарлар, жануарлар, азық-түлік түрлерін тасымалдайды. Ауылшаруашылық өнімдерін фермадан қалаға жеткізеді;

**арнайы көліктер** – қын жағдайға тап болған адамдарға көмектесуге қажет. Олар: жедел жәрдем, полиция және өрт сөндіру мәшинелері.



## ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Күнделікті өмірде көліктің қандай пайдасы бар?
- Ауылға қандай көлік керек? Ал қалаға ше?
- Балапан неге көлік түрлерінің жанына жәндіктерді қости деп ойлайсың (99-сурет)?



■ жерасты



■ су



**99-сурет.** Көліктер

**Жүргізуші** – жауапты мамандық.  
Ол көліктерді басқарады.



САЯХАТ

## СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Балапан көлік түрін жасады. Ол қандай бөліктен тұрады (100-сурет)?





**100-сурет.** Көлік

- Балапан мәшине пішінің қай жәндіктен алды?
- Осы көлік түрінің терезесі мен дөңгелегінің пішіні қандай?

Қазір ұшқышсыз көлік түрлері бар. Оларды **дрон** деп атайды. Олар да адамға көмектеседі.

- Қай суретте жүк дроны көрсетілген?
- Дронның арнайы түрлері адамға қалай көмектесе алады (101-сурет)?



**101-сурет.** Дрондар – адамдардың заманауи көмекшілері



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Көлік түрлерін әртүрлі қағаздан жасауға болады.


**Қатырма қағаз** – қалың және өте қатты қағаз.

**Қағазды сақта!** Жұмыс барысында қағазды үнемдеп пайдалан. Ол ағаштан жасалады. Ал ағаштарды қорғау керек.



**Қатырма қағаздан** көлік жасау ретін қарап шық (102-сурет):


- Сыныптастарыңмен жұптасып жұмыс кезеңдерін талқылаңдар.
- Жұмысқа қандай материалдар мен құралдар қажет?



**102-сурет.** Қораптан көлік жасау

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

**Оригами** техникасын қолданып, қағаздан ұшақ үлгісін жаса (103-сурет).



**103-сурет.** Қағаздан ұшақ жасау



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастыңа сұрақ бойынша өзің жасаған көлік жайлар айтып бер:

- Ол неге арналған?
- Оны жасау үшін қандай материалдар қолдандың?
- Бөлшектерді қалай біріктірдің?



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Неге көлік құралдары бір-бірінен өзгеше болады?
- Үзіліс кезінде сыныптастарыңмен қағаздан жасаған ұшақтарыңың ұшу қашықтығы бойынша жарыс үйімдастырыңдар.
- Жұмыс дәптерінің 66, 67-беттеріндегі тапсырманы орында.



## 20-сабақ. Ғарышқа саяхат

### БҰЛ САБАҚТА

- аспан денелерінің түстері мен түрлері туралы білесің;
- ғаламшар фактурасын жасауды үйренесің;
- ғарыштық пейзаждың суретін саласың.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- ғарыш
- аспан денелері
- ғаламшарлар



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Аланмен бірге ғарышқа саяхат жасайық (104-сурет).



**104-сурет.** Ғарыш бейнелері


**Ғарыш** – бұл біздің Жерімізді қоршайтын шексіз кеңістік. Ғарышта **аспан денелері** болады. Олар: Күн, жұлдыздар, **ғаламшарлар**, құйрықты жұлдыздар.



## ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Фарыш пейзажын бейнеле (105-сурет).

- Шырмалған жіптерді парактың бетіне қой.
- Үстіне басқа таза паракты жап.
- Оны түрлі түсті қарындашпен немесе бормен боя.




**105-сурет.** Қарындаштармен және жіптермен тәжірибе

Сен ерекше бейнені даярладың. Оны ғарыш пейзажының фонын немесе ғаламшарды жасау үшін пайдалануға болады.

### СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Ғаламшарлардың пішіндері қандай (106-сурет)? Жердің өзге ғаламшарлардан айырмашылығы неде?





**106-сурет.** Күн жүйесі



## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Farыш текстуrasesы салынған қағазға дәңгелек қимаұлгілермен шеңберлер сыз.
- Бұл ғаламшардың үлгісін қайшымен қызып ал.
- Қара түсті қатырма қағазға бояуды шашыратып жұлдыздарды бейнеле.
- Бояу құрғаған соң, оған ғаламшарларды жапсыр (107-сурет).



**107-сурет.** Farыш пейзажын жасау



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Күннің суретімен өз жұмысынды бағала. Бұлайша бағалауыңың себебін түсіндір.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- «**Менің farышқа саяхатым**» тақырыбындағы жұмыстар көрмесін қалай безендіруге болатынын ойлан.
- Жұмыс дәптерінің 71, 73-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



**Саяхат** тарауын оқып-үйрену барысында:

- ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстың;
- түрлі түсті қағаздан аяққап жасадың;
- иілімді материалдармен жұмыс істеу тәсілдерін білдің;
- табиғи және иілімді материалдардан жануарлардың бейнесін жасадың;
- қолдағы бар материалдардан ғажайып көлік құралын жасадың.



Алан саған Марсқа ойша ғарыштық саяхат жасауды ұсынады. Саяхат кезінде сен осы ғаламшардың тұрғындарын кездестірдің делік. Сен оларға өз ғаламшарың, қалаң немесе ауылың туралы айтып бере аласың. Тіпті оларға өзің даярлаған бүйымдарды сыйлауыңа да болады.




### Түсіндір:

- Аяққап саған тарихымыз туралы не айтуға көмектеседі?
- Ғарыштық саяхатта аяққап не үшін қажет болуы мүмкін?

### Көрсет:

- Қазақстан қай ғаламшарда орналасқан (108-сурет)?



**108-сурет.** Ғаламшарлар

### Ұсын:

- Ғарышкемесін қалай жасауға болады?
- Ермексаздан Жер ғаламшарын қалай жасауға болады?
- Ғарышкемесін безендіру үшін ою-өрнекті қалай пайдалануға болады?

## 6

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ  
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

## 21-сабак. Қазақ халқының дәстүрлөрі

## БҰЛ САБАҚТА

- қазақ халқының дәстүрлі сәндік қолөнер бүйымдарымен танысасың.

## ТИРЕК СӨЗДЕР

- дәстүр
- ауыз әдебиеті
- зергер



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Ежелден көшпелі қазақ елінде дәстүрлі өрнектермен безендірілген сәндік бүйымдар мол болды (109-сурет). Әртүрлі заттардың безендірілуін **әшекейлеу** деп атайды. Жұмыс дәптерінің 76-бетіндегі тапсырманы орында.



**109-сурет.** Сәндік бүйымдар

Бұл бөлімде сен қазақтың өнердегі дәстүрлерімен танысасың. **Дәстүр** дегеніміз – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтар. **Ауыз әдебиеті** – бұл халықтың шығармашылығы, оның тілі, өлең-жырлары, аныздары, ертегілері мен музыкасы, дәстүрі, наным-сенімдері.

Сандықтарды ою-өрнектермен әшекейлеген.



Ағаш ыдыстарға ою-өрнектер ойып салынған.

Қазақтың сырға, білезік секілді әшекей бүйымдары әсем ою-өрнектерімен таңдандырады. Оларды **зергерлер** жасаған.



Музыкалық аспаптар да ою-өрнектермен безендірілген.

Қазақтың ұлттық киімдері де түрлі түсті оюларымен ерекшеленеді.



**САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

Ою-өрнекпен безендіру барлық халықтарға тән. Ою-өрнектер арқылы адамдар өздерінің дәстүрлері мен құндылықтарын жеткізуге тырысты.

**ОЙЛАН ДА, ЖАСА**

Ою-өрнектерді қарап шық (110-сурет). Олар неге ұқсайды? Оларды табиғаттағы немен салыстыруға болады? Аланға қателерді табуға көмектес. Оюлар мен фотосуреттердің сәйкестігін тауып, айтып бер.



Жұлдыз



Гүл



Әркеш



Күн



**110-сурет.** Ою-өрнектер мен табиғат нысандары

**ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА**

Tірі табиғат нысандарына ұқсайтын ою түрін ойлап тап.

**КОРЫТЫНДЫ ЖАСА**

- Сыныптастарыңа бүгінгі сабактан не білгенің туралы айтып бер.

**22-сабак. Музыкалық аспаптар жасау****БҰЛ САБАҚТА**

- кейбір музыкалық аспаптармен танысадың;
- музыкалық аспап жасайсың.

**ТИРЕК СӨЗДЕР**

- домбыра
- қобыз
- дауылпаз
- жетіген
- үлгі

**ҮЙРЕНЕ БАСТА**

Домбыра үнін естіген кезде, көз алдыңа жусанды далада жайылған жылқы үйірі елестейді. Ал қобыздың үні терең ойға жетелейді.

Алматы қаласында қазақ музыкалық аспаптары сақталған музей бар. Музей атақты халық сазгері Үқылас Дүкенұлы есімімен аталады (111-сурет).



**111-сурет.** Үқылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейі



### 112-сурет. Музыкалық аспаптар


1. **Домбыра** – ішекті шертпелі аспап.
2. **Балалайка** – үш ішекті шертпелі аспап.
3. **Дауылпаз** – ұрмалы музыкалық аспап.
4. **Арфа** – ішекті шертпелі аспап.



### ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Суреттерді қарап шық (113-сурет). Олар қолда бар заттардан жасалған. Мұндай музыкалық аспаптарды сен неден жасар едің?

Жұмыс дәптерінің 78-бетіндегі тапсырманы орында.



### 113-сурет. Қолда бар материалдардан жасалған музыкалық аспаптар



## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Музыкалық аспаптардың бірін таңдап, оны жаса.

### 1-нұсқа

**Жетіген** (114-сурет) – қазақтың жеті ішекті музыкалық аспабы. Әр ішектің астына асықтар қойылған. Оларды жылжыту арқылы ішектердің сазын келтіреді.






**114-сурет.** Жетіген

**Ұлғі** – заттың көшірме нұсқасы. Мұндай көшірме болашақ бүйымның қандай болатынын көруге мүмкіндік береді.




- Қораптан жетігеннің үлгісін жаса (115-сурет).
- Ішектер бекітілетін орындарды белгіле.
- Қайшымен белгіленген сзықтар бойымен ойықтар немесе кертіктер жаса.
- Тығыз жіпті немесе қармақ жібін ойықтарға келтіріп орнат.
- Жіптерді қораптың артқы жағына түйіп байла.
- Жіптердің астына сусындардың қақпақшаларын орналастыр.



**115-сурет.** Жетіген үлгісін жасау

**2-нұсқа**

- **Дауылпаз** үрмалы аспаптарға жатады.
- Қажетті көлемдегі қалбырды таңда.
- Шарды қалбырға жіппен немесе жабысқақ таспамен бекіт (116-сурет).

**116-сурет.** Дауылпаз жасау**ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- Қайшымен жұмыс істеу кезінде сақ бол. Қайшының өткір ұшы мен жүзіне қолыңды тигізбе.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратып бер.
- Қатырма қағаз және кәдімгі қағазбен жұмыс істегендегі ұқыпты бол. Олардың шеттері өткір болуы мүмкін.
- Ұсақ бөлшектерді сақтау үшін қорапты пайдалан.

**КОРЫТЫНДЫ ЖАСА**

- Саған сабакта не көбірек ұнады?
- Жаңадан не білдін?
- Жұмыс дәптерінің 79-бетіндегі тапсырманы орында.

## 23-сабак. Дыбыс шығару

### БҰЛ САБАҚТА

- музыкалық аспаптан қалай дыбыс шығаруды білесін;
- өз жұмысында толықтырасың.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- музыкалық дыбыстар
- күй
- күйші



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Ұсынылған суреттердің жанданғанын көз алдыңа елестет (117-сурет). Дарадан жаңбыр мен желдің дыбысын естідің бе?



1



2



3



4



5



**117-сурет.** Даала үні 1) даладағы жаңбыр; 2) жел; 3) ұшқан бүркіт; 4) шауып бара жатқан жылқылар; 5) түйе мен бота

**САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

Табиғат дыбыстары секілді музикалық аспаптардың дыбыстары да әртүрлі болады. Олар адамдарға музика арқылы өз тарихын баяндауға көмектеседі. Қазақ **күйлері** осылай пайда болған. Күйді **күйшілер** түрлі ұлттық аспаптарда орындаиды. Әсіресе домбыра мен қобыз күйлері кең таралған. Жұмыс дәптерінің 80-бетіндегі тапсырманы орында.

**ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ**

Қолда бар материалды пайдаланып, түрлі дыбыс шығаруға болады. Оған тәжірибе арқылы көз жеткіз. Алақаныңа бірнеше моншақ, түйме немесе үрмебұршақты ал (118-сурет). Оны екінші алақаныңмен ішінде бос орын қалатындей етіп жап. Енді қолыңды әрлі-берлі сілкіле. Дыбыстар естідің бе?



**118-сурет.** Моншақ, түйме және үрмебұршақ жынтығы

**СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР**

Ойланыңдар және талқыланыңдар:


- Аспаптарыңнан шыққан дыбыстар неге ұқсайды?
- Қай аспаптар оған ұқсас дыбыстар шығарады?




## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Аланмен бірге өзіңнің ерекше музикалық аспабынды жаса.

**1-қадам.** Жұмысқа қажетті материалдарды дайында. Олар пластик түтікшелер, ағаштың аша бұтағы, әртүрлі түймелер, моншақтар болуы мүмкін.



1




2

**2-қадам.** Аспап әдемі болуы үшін бұтақты боя. Жіпке немесе сым темірге түймелер мен моншақтарды өткіз. Жіпті немесе сым темірді ашаның екі ұшына байла.




3



4

**3-қадам.** Жасаған аспабың қандай дыбыстар шығаратынын тексер.



5

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Жұмыс барысында ұсақ заттарды – моншақтар мен түймелерді сақтайтын арнайы қорапты қолдан.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастыңмен жасаған жұмыстарынды алмастыр және бағала:

**Ұ**

Ұқыпты

**Қ**

Қызықты

**Д**

Дұрыс



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Сыныптастарың жасаған аспаптардың дыбысын тыңда.
- Бұл дыбыстар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
- Аспаптар жасалған материалдың дыбысқа қалай әсер ететінін түсіндір.

## 24-сабақ. Аспаптарды безендіру

### БҰЛ САБАҚТА

- ұлттық ою-өрнектің мағынасын білесін;
- аспабыңды ою-өрнекпен сәндейсін.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- геометриялық өрнек
- жануартектес өрнек
- өсімдіктектес өрнек
- космогониялық өрнек



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Музыкалық аспаптар ою-өрнектермен безендіріледі (119-сурет). Оларды бояулармен салады, ойып жасайды немесе желіммен жапсырады.



**119-сурет.** Ою-өрнектермен безендірілген музыкалық аспаптар

**САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ**

Қазақ халқының өзіндік ою-өрнектері бар. Ою-өрнектің түсі де белгілі бір мағынаға ие. Ақ – бақытты, амандықты; көк – ерікті, еркіндікті бейнелейді. Қызыл – күш пен Құннің түсі; жасыл – көктем мен жастықтың, ал сары түс – ақылдың белгісі.






**СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР**

- Музыкалық аспаптарды ою-өрнектің қандай түрлерімен безендіреді?
- Олар аспаптың қай жеріне салынған?
- Музыкалық аспаптарды безендіру үшін қандай ою-өрнектерді қолданар едін?

**ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА**

Аспабыңды ою-өрнекпен безендір:

- Музыкалық аспапты безендіру үшін материал дайында. Орындалу ретіне қарап өрнекті жаса (120-сурет).



**120-сурет.** Өрнек жасау



- Өрнектің жекелеген бөліктерін бекіту үшін ермексаз, жабыстырыш таспа, ПВА желімін немесе желім-қарындашты қолдан.

- Жұмыс дәптерінің 81-бетіндегі тапсырманы орында.



**121-сурет.** Жетіген



Менің жетігенді өрнектермен қалай безендіргенімді қара (121-сурет)!

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс істеу кезінде сақ бол, қайшының ұшы мен жүзіне тиме.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Аспапты безендірген ою-өрнектер туралы айтып бер.
- Ол нені білдіреді?
- Неліктен сен оны таңдадын?

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

**25-сабак. Музыкалық аспаптардың көрмесі****БҰЛ САБАҚТА**

- көрме үйымдастырысын;
- музыкалық аспабынды көрсетесін.

**ТИРЕК СӨЗДЕР**

- көрме
- затбелгі

**ҮЙРЕНЕ БАСТА**

Өзің жасаған музыкалық аспапты таныстыруың керек. Ол үшін көрме үйымдастыруыңа болады.

**Көрме** – бұл заттарды көпшіліктің көруі үшін орналастыру. Көрмеге музыкалық аспаптардың қалай қойылғанын және ілінгенін қара (122-сурет).



**122-сурет.** Музыкалық аспаптар көрмесі

**СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР**

- Көрмені үйымдастыру үшін сендерге қандай заттар қажет болуы мүмкін?
- Жұмыстарынды сыныпта қалай орналастыруға болады?
- Қажетті затбелгіні қалай даярлайсын?



## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Эрбір аспапқа затбелгі даярла. Оны әр алуан пішіндегі дайын стикерлерден жасауға болады (123-сурет).
- Музыкалық аспап туралы қысқаша әңгіме дайында. Оның үні қалай естілетінін тыңдат.



**123-сурет.** Затбелгілер

**Затбелгі** – бұл суреттегі, бұйымдағы жапсырма. Оған жұмыстың атауы мен авторының аты-жөні жазылады.



Жұмыс дәптерінің 83-бетінде берілген тапсырманы орында.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңың жұмыстарын қара. Оларды бағала және оның себебін түсіндір.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Көрме саған несімен ұнады?
- Аспаптар туралы қандай жаңалықтарды білдің?

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



**Салт-дәстүр және ауыз  
әдебиеті** тарауын оқып-үйрену  
барысында:

- қазақ халқының бүйымдары ою-өрнектермен қалай безендірілгендейгін білдің;
- музыкалық аспаптармен таныстың;
- музыкалық аспапты жасадың;
- қолда бар түрлі материалдарды: қатырма қағаз, пластик, әртүрлі қағаздарды үйлестіре отырып пайдалануды үйрендің;
- дыбысты қалай жасауға және оны өзгертуге болатынын түсіндің.



Алан саған ұлттық музыкалық аспаптардың мұражайын жасауды ұсынады (124-сурет). Ол үшін аспаптарды таңдау қажет. Олар туралы әңгіме дайында. Ол үшін келесі сұрақтар көмектеседі:

### Түсіндір:

- Шулы және музыкалық дыбыстардың айырмашылығы қандай?
- Сабакта аспаптарды неден жасадың?
- Музыкалық дыбыстарды қалай алуға болады?

### Ұсын:

- Музыкалық аспаптарды немен безендіруге болады?
- Аспаптарды безендіруде ою-өрнектерді қалай пайдалануға болады?



**124-сурет.** Музыкалық аспаптар

## 7

## ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

## 26-сабақ. Ұлттық тағамдар мен сусындар

## БҰЛ САБАҚТА

- Ұлттық тағамдармен және сусындармен танысасың;
- шығармашылық жұмыс орындаіссың.

## ТИРЕК СӨЗДЕР

- тостаған
- торсық
- саптаяқ



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Қазақ халқы өзінің қонақжайлышымен танымал. Келген қонақты әрдайым қуана қарсы алған. Ол үшін арнайы **дастарқан** жайған. Қазақтың тағамдары мен сусындарының түрлері көп.




## ОЙЛАҢ ДА, ЖАСА

Алан қонақ күтуге дайындалды. Ол түрлі тағамдарды үстелге қойып, атауларын жазды. Оған шатастырған тағам атауларын табуға көмектес (125-сурет).



Бауырсақ



Сорпа



Қазы



Ораманан

## 125-сурет. Тағам түрлері




## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Дастарқанға ет, ұн, сүт өнімдерін қойған. Сүт өнімдері өте пайдалы (126-сурет). Оларда сүйектің өсуіне қажетті кальций мол. Сүттен айран, қатық, құрт, сұзбе, ірімшік жасайды. Айран және қымыз – ашымалы сүт өнімдері.

Қазақтың сусындарға арналған дәстүрлі ыдыстары – торсық, саптаяқ, аяқ, тостаған (127-сурет). Тостаған, аяқ пішіні көшпелі өмірмен байланысты. Бір-біріне кигізіп жиналатын болғандықтан тұтқалары болмайды.




**126-сурет.** Сүт өнімдері



**127-сурет.** Сусындарға арналған дәстүрлі ыдыстар

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Мұғалім ұсынған торсық пен тостаған қимаүлгісінің (128-сурет) бірін таңда. Жұмыс дәптерінің 86-бетіне оның суретін бастырып сал:
  - Оларды қалай безендіруге болатынын ойлан.
  - Өз жұмысында ою-өрнектермен безендір.



**128-сурет.** Торсық пен тостағанның қимаүлгісі



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Өз жұмысына шолу жаса:

- Сенің ойыңша жұмысың қаншалықты жақсы орындалды?
- Жұмысының жақсы жақтарын ата.
- Жауаптарынды негізде.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Неліктен тостағанның пішіні дөңгелек?
  - Безендіру үшін қандай өрнекті таңдадың?
- Жауабынды негізде.

## 27-сабақ. Өрнектегі ырғақ және тоқыма бұйымдар

### БҰЛ САБАҚТА

- Жемістер мен көгөністерді салуда пішіндерді қолдануды білесің;
- өрнектегі ырғақтың не екенін түсінесің.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- тоқыма
- өрнектегі ырғақ



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Оқу кезінде сен көп күш жұмсайсың. Сондықтан саған дұрыс тамақтану керек. Көгөніс, жеміс, сүт өнімдерін тамаққа жиі қолданған дұрыс. Сенің сабактағы үлгерімің де дұрыс тамақтануыңа байланысты.

### СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Дені сау әрі мықты болу үшін қандай азық-түлік түрлерін қолдану керек (129-сурет)?
- Қандай азық-түлік түрлері зиянды болып саналады?




**129-сурет.**  
Азық-түлік  
түрлері



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Киімді тоқыма матадан жасайды. **Тоқыма** – жіптерден тоқылып жасалған материал. Тоқымадан мата даярланады. Матадан тігілген киімдерді жеміс-жидек, көгөніс суреттерімен безендіруге болады (130-сурет).




**130-сурет.** Киімді жеміс-жидек, көгөніс суреттерімен безендіру



Менің жемістерді салуға түрлі пішіндерді қалай қолданғанымды қара:




- Алманы қарапайым дәңгелек пішіннің көмегімен салдым.




1




2




3




4




1




2



3




4




5


- Алмұртты салғанда дәңгелек және сопақша пішіндерді қолданым.




1



2



3




4

Жеміс, көгөніс суреттерінен өрнек құрастыруға болады. Өрнек құрамдас бөліктерінің қайталанып, кезектесіп орналасуы арқылы жасалуы мүмкін. Мұндай тәсіл **ырғақ** деп аталады. Ырғақ бейнелеу өнерімен қатар, музыка мен әдебиетте де қолданылады.

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

131-суреттегі алжапқыш пен жеңіл жейдені жемісжидек, көгөніс суреттерімен безендіруге болады. Жұмыс дәптерінің 91-бетіндегі тапсырманы орында.

**131-сурет.**  
Алжапқыш  
пен жеңіл  
жейде



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңың жұмыстарын бағала. Бағалау үшін алма суретін таңда. Оны тақтадағы «Шығармашылық ағашына» бекіт.



Бұйым әдемі болып шықты. Жұмыс үқыпты орындалған.



Бұйым әдемі болып шықты. Жұмыс үқыпты орындалмаған.



Бұйым дұрыс шықпады. Жұмыс үқыпты орындалмаған.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Сен жеңіл жейдені қандай жеміс немесе көгөніс өрнектерімен әшекейлер едің? Өз ойынды ұсынып, жұмыс дәптеріне суретін сал.

## 28-сабақ. Ою-өрнектердің баспалары

### БҰЛ САБАҚТА

- «баспа» техникасын білесің;
- жұмысқа қажетті «мөртабан» жасайсың.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- баспа
- «баспа» техникасы
- қалып
- мөртабан



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Сен ою-өрнектің не екенін білесің және онда ырғакты сақтай аласың. Енді көгөністердің және жемістердің көмегімен өрнектер жасауды үйренесің. Ол үшін **баспа техникасын** пайдаланамыз. Мұндай техникамен жасалған суреттер **баспа** деп аталады (132-сурет).



**132-сурет.** Бұйымдардағы баспалар



## ОЙЛАН ДА, ЖАСА



Бөліктеге бөлінген көгөністер мен жемісжидектерді қара (133-сурет). Бәнкіге баспа техникасын қолданғанда Балапанның не пайдаланғанын анықта.



**133-сурет.** Көгөністер мен жемістердің кесінділері және баспалары



## ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Балапан ермексазды пайдаланып сурет жасауға болады дейді. Дұрыс деп ойтайсың ба?



Баспа салу үшін мөртабан қажет.

**Мөртабан** – таңба салуға арналған құрал. Оны ермексаздан жасауға болады:

- Ермексаздан кесілген көгөніс немесе жеміс пішінін жаса.



- Мөртабанға сзықтар мен нұктелерден өрнек сал (134-сурет).
- Қылқаламмен мөртабанға қажетті бояуды жақ.
- Мөртабанмен баспа сал.



### 134-сурет. Ермексаздан мөртабан даярлау

Егер түрлі түсті ою-өрнек жасағың, келсе, онда мөртабанға бояулардың түрлерін кезекпен жағу керек. Жұмыс дәптерінің 92-бетіндегі тапсырманы орында.



Мен саған табиғатқа зиянын тигізбейтін қағаз дорба жасауды ұсынамын.

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Қағаз дорба жаса (135-сурет).
- Оны баспа тәсілімен өрнекте.



**135-сурет.** Қағаз дорба жасау

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Киімінді былғап алмау үшін жұмысты ұқыпты орында.
- Қолды дымқыл сұлгімен жиі сұрт.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін қоқыстарды таста.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастыңың жұмысын бағала. Оның жұмысында саған не ұнағанын айтып бер. Θз жұмысынмен салыстыр.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Қағаз дорбаны не үшін пайдаланатынды ойланып, ұсынысынды айт.
- Жұмыс дәптерінің 94-бетіндегі тапсырманы орында.

## 29-сабак. Жемістер концерті

### БҰЛ САБАҚТА

- теңгерімді композиция туралы білесің;
- натюрморт құруды үйренесің;
- шығармашылық жұмысты орындаісың.

### ТИРЕК СӨЗДЕР

- натюрморт
- теңгерімді композиция



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

**Натюрморт** – бейнелеу өнеріндегі жансыз заттарды салу. Натюрморттың түрі онда не бейнеленгеніне байланысты (136, 137, 138-суреттер). Натюрмортты сурет ретінде салуға немесе аппликация түрінде жасауға болады.



**136-сурет.** Жемісжидектер натюрморты



**137-сурет.** Көгөніс натюрморты



**138-сурет.** Дастарқан натюрморты

**Композиция** дегеніміз – шығармадағы әртүрлі бөліктерді құрастыру, үйлестіру және біріктіру.

Натюрmort **теңгерімді** болса, ол сәтті шығады.

Егер затты шетке қарай орналастыrsa, тепе-тендік бұзылады. 139-суреттегі композицияда сол жағының оң жағына қарағанда басым екенін көре аласың. Композицияны теңгерудің ең қарапайым тәсілі – үлкен затты ортасына орналастыру (140-сурет).



**139-сурет.**

Тенгерімсіз композиция



**140-сурет.**

Тенгерімді композиция



### ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Егер ұсақ жемістер ірі жемістердің алдына қойылса, онда композиция теңгерімді болады. Тәжірибе арқылы дәлелде:

- Мұғалімнен кесілген жемістерді, құмыраны, себетті немесе тәрелкені алындар.
- Сыныптастарыңмен бірге топтасып композиция құрындар. Үлкен және кіші жемістердің орындарын ауыстырып көріндер.
- Тәжірибе нәтижелері туралы айтып беріндер.



**141-сурет.** Натюрморт


**Назар аудар:** саған жақын заттар суретте төмен орналасқан. Сенен алыс тұрған заттар жоғары орналасқан. Сондықтан композицияны жоғарыдан төмен қарай құрастыр (141-сурет).



### ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

«Жемістер концерті» апликациясын орында.  
Бұл үшін:

- Түрлі түсті қағазға қимаулгінің көмегімен тәрелке, құмыра немесе себеттің суретін салып, оларды қыып ал (142-сурет). Бұл натюрморттың ыдысы болады.




**142-сурет.** Натюрморттың ыдысы

**ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН**

- Натюрмортқа арналған жемістерді даярла (143-сурет). Ол үшін жұмыс дәптерінің 97-бетіндегі жемістерді қыып ал.

- Натюрморт композициясын құрып, жемістерді ыдыстарға желімде.



**143-сурет.** Аппликацияға арналған жемістер

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Желіммен жұмыс жасағанда мұқият бол.
- Желімді қолданғаннан кейін қылқаламды жу.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен бірге көрме үйымдастыр. Олардың жұмысын бағала. Ол үшін бағалауға екі әріпті таңда.



Ұқыпты



Әдемі



Дұрыс



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Қандай натюрморт саған қатты ұнады? Неге екенін түсіндір.

## 30-сабак. Жемістер ассорті

### БҰЛ САБАҚТА

- көлемді апликацияны қалай жасауға болатынын білесін;
- шығармашылық жұмыс жасайсын.



### ҮЙРЕНЕ БАСТА

Апликация жазық қана емес, сонымен қатар **көлемді** болуы мүмкін.




### ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан түрлі түсті қағаздардан көлемді жемістер жасауға болады дейді. Нұсқалардың бірін таңдалап, көлемді апликацияға арналған жемісті жаса (144-сурет).




#### 1-нұсқа. Алма және алмұрт

- Түрлі түсті қағаздарды даярла.
- Алма мен алмұртты салып, қайшымен қыюп ал.
- Оларды бүктеп, бір жақтарымен жанастырып желімде.



**144-сурет.** Көлемді апликация



**145-сурет.** Ананас  
бөліктері

- Тілікшелерден желімнің көмегімен сақиналар жаса.
- Дайын сақиналарды ананасқа желімде (146-сурет).



**146-сурет.**  
Ананас



### БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

«Жеміс-жидек ассорти» апликациясын жаса:

- түрлі түсті қатырма қағаз ал;
- дайындаған жемістерді үстіне қойып, композициясын ойластыр (147-сурет);
- жемістердің орнын ауыстыра отырып, әдемі көрінетін композицияны құрастыр;
- дайын композицияны қатырма қағазға желіммен бекіт.



**147-сурет.** Көлемді жемістер

Натюрортта жемістерді қалай дұрыс орналастыру керектігін түсіндір.



### ЖҰМЫСЫҢДЫ БАҒАЛА

- Сен апликациямен нені жақсы жасадың?
- Нені жақсарту қажет?
- Өз жұмысыңды қалай жетілдірер едің?



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- «Жеміс-жидек концерті» және «Жеміс-жидек ассорти» жұмыстарымен мектеп асханаларын қалай безендіруге болады?

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



**Тағамдар мен сусындар** тарауын

оқып-үйрену барысында сен:


- тоқыма матаның не екенін білдің;
- ырғактың қалай жасалатынын түсіндің;
- мөртабан жасаумен таныстың;
- баспа техникасында жұмыс жасауды үйрендің.



Сен тоқыма матаны безендіруге болатынын білдің. Енді киімінді баспа техникасымен безендіре аласың. Алан саған жеңіл жейдені безендіруді ұсынады. Ол үшін сен мөртабандарды пайдалан (148-сурет).



**148-сурет.** Мөртабан жасау



**Түсіндір:**

- Мөртабанды қандай материалдан жасауға болады?

**Көрсет:**

- Мөртабанмен қалай жұмыс жасайды?

**Ұсын:**

- Түрлі мөртабандармен ырғақты өрнекті қалай жасауға болады?



## 8

ДЕНІ САУДЫҢ –  
ЖАНЫ САУ

## 31-сабақ. Сұлбалар

## БҰЛ САБАҚТА

- кескіннің не екенін білесің;
- көлеңке театрына арналған сұлба жасайсың.

## ТИРЕК СӨЗДЕР

- сұлба
- көлеңке
- театр
- экран
- графикашы

## СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

149-суретті қарастырып сұрақтарға жауап бер:

- Суретте спорттың қандай түрлері көрсетілген?
- Доп пен теннис ракеткасының пішіні қандай?
- Спортпен не үшін шұғылдану қажет?



**149-сурет.** Спорт түрлері



## ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Балапан саған өз суретінді көлеңкең арқылы салуды ұсынады. Алдымен көлеңкең түсетіндей жарық жерге тұр. Өз көлеңкеңнің қандай екендігіне назар аудар.



## ҮЙРЕНЕ БАСТА

Тәжірибе барысында сен өз сұлбаңды көрдің. **Сұлба** – бұл контурлы жазық сурет. Сұлба түрлі түсті болуы мүмкін.

Қарындаш, көмір, сия, бормен салынған суреттер **графика** деп аталады. Графикалық туындылар жасайтын суретшілерді **графикашы** деп атайды.

Жұмыс дәптерінің 100-бетіндегі тапсырманы орында.

**Театр** – адам өмірінде болған немесе ойдан шығарылған оқиғаларды актерлер орындаитын орын. **Көлеңке театрында** актерлер мен сахнаның орнына сұлбалар мен экран пайдаланылады (150-сурет). Сұлбаларды қатырма қағаздан жасап, таяқшаларға бекітеді.



150-сурет.  
Театр  
экраны

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Сыныптастарыңмен бірлесіп көлеңке театрын үйымдастырындар. Жұмысты өзара бөлісіп алындар.

**1-төп.** Қатырма қағаздан сұлба жасау.

Мұғалім ұсынған спортшы сұлбасын қатырма қағазға көшіріп сзызындар (151-сурет). Жұмыс дәптерінің 101-бетіндегі тапсырманы орындауға болады:

- Сұлбаны сзызық бойымен қыып алындар.
- Сұлбаны таяқшаға жабысқақ таспамен немесе ермексазben бекітіндер.




**151-сурет.**

Спортшының сұлбасы

**2-төп.** Экран жасау:

- Бос қорапқа экранның суретін салып, қайшымен қыып алындар (152-сурет).
- Бояу немесе түсті қарындаштармен экран перделерін бояндар.
- Қораптың ішкі жағына ақ қағазды жапсырып, экранды әзірлеңдер.

Менің экранды қалай жасағанымды қара.



**152-сурет.**

Бос  
қорапшадан  
экран жасау

### 3-топ. Қойылым:

- Көлеңке театрына арнап спорттық тақырыптағы қойылым ойластырындар. Әйгілі спорт түрі – футбол туралы айтуларыңа болады.
- Сұлбаны әртүрлі шағын қалта шамдарымен жарықтандырындар.
- Таяқшаға бекітілген сұлбалар шам мен экранның арасында болуы керек.
- Қойылымды сыныптастарыңа көрсетіңдер.

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс істеу кезінде құралды емес, қағаз парағын жылжыт.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.



### ЖҰМЫСЫНДЫ БАҒАЛА

Егер саған қойылым ұнаса, көнілді бетпердені, ұнамаса, мұнды бетпердені таңда.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жасалған жұмыстарды қарастыр. Қолда бар материалдардан спортшылардың сұлбасын жасауға бола ма?

ДЕҢІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

**32-сабак. Спортшыларды мүсіндейміз****БҰЛ САБАҚТА**

- спортының мүсінін жасауды үйренесің;
- шығармашылық жұмыс жасайсың.

**ТИРЕК СӨЗДЕР**

- иілімді материалдар
- бедер

**ҮЙРЕНЕ БАСТА**

Сен әртүрлі мүсіндерді көрген боларсың. Оларға алдыңғы, артқы және бүйір жағынан қарауға болады. Мүсін әр қырынан әртүрлі болып көрінеді.

**153-сурет.**

Фанни  
Бланкерс-Кун  
мүсіні

**154-сурет.**

«Футболшы»  
мүсіні

**155-сурет.**

«Футболшылар»  
мүсіні

Спортшылардың қалай мүсінделгенін қара (153, 154, 155-суреттер).

## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Мүсіншілер мықты әрі батыл адамдардың бейнелерін сомдаған. Олар мұнда қозғалыс пен жеңіске деген ұмтылысты көрсете білген. Мүсін бір, екі немесе бірнеше бейнелерден құралуы мүмкін.

Спортшының мүсінін жасау үшін **ермексазды** қолданасың. Ол жұмсақ және иілімді. Одан әртүрлі пішіндер жасауға және олардың қозғалысын бейнелеуге болады.

**1-қадам.** Жұмысқа дайындық (156-сурет).



**156-сурет.** Жұмысқа қажетті заттар

**2-қадам.** Мүсінді жасау (157-сурет).



**157-сурет.** Спортшының мүсінін жасау



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР

## ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

**Бедер** – мұсіндеудің бір түрі. Мұндай бейне шығыңқы немесе ойыс болып та жасалуы мүмкін.

Менің жұмысыма қара (158-сурет). Мен бейнені жұқа ермексаз қабатымен жасадым. Ермексаз кескішімен шөпті, спортшының шашын сыйздым. Мен осылайша бедерлі бейне даярладым.



**158-сурет.** Бедерлі бейне

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Ермексаз кескішін абайлап пайдалан.
- ермексазben жұмыс істегендег арнайы төсөнішті пайдалан.

### СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Суреттерді қара (159-сурет):

- Бұл жұмыстардың негізгі тақырыбы қандай?
- Мүсінде автор қандай әрекеттерді көрсеткен?



**159-сурет.** Спортшылар мүсіндері



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Сен нені жақсы жасадың, нені жасау қын болды?
- Жұмыс дәптерінің 103-бетіндегі тапсырманы орында.

**33-сабақ. Өнер фестивалі****БҰЛ САБАҚТА**

- паспартуды қалай даярлауды білесің;
- көрмені өткізу жолын ұсынасың;
- көрмеде шығармашылық жұмыстарды таныстырыасың.

**ТИРЕК СӨЗ**

- паспарту

**ҮЙРЕНЕ БАСТА**

Көрмелердегі жұмыстардың арнайы жиектемелерге салынғанын байқаған боларсың (160-сурет). Олар ағаш, пластмасса, кейде қатырма қағаздан жасалады. Қатырма қағаздан ортасын суретке арнап ойып жасаған жиектемені **паспарту** деп атайды. Паспартуға салынған суреттер әдемі көрінеді.




**160-сурет.** Жиектемелерге салынған жұмыстар



Жиектемелердің көлемі, пішіні және түсі әртүрлі болады (161-сурет). Паспартуға қажетті түстерді таңдағанда, олардың суретпен үйлесуін ескеру қажет. Жұмыс дәптерінің 104-бетіндегі тапсырманы орында.

### СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Жиектемелердің қандай пішіндері көрсетілген?
- Оларды қалай жасауға болады. Суреттерді оларға қалай орнатуға болады?



**161-сурет.** Шығармашылық жұмысқа арналған жиектемелер



### ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА


Алан түрлі түсті паспартумен тәжірибе жүргізді (162-сурет). Ақ түс суретті үлкейтіп көрсетті. Көк түсті паспарту назарды суретке аудартты. Сары түсті жиектеме суретке қалай әсер етті? Ойлан да, жауап бер.



**162-сурет.** Жиектемелерге салынған суреттер


## ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Жиектемені түрлі түсті қатырма қағаздан жаса (163-сурет). Мұғалім ұсынған қимаулгіні қатырма қағазға қойып, қарындашпен жиектеп сыз. Жиектемені мұқият кесіп ал да, суретті безендіруге қолдан.



**163-сурет.** Жиектеме жасау

Жиектемеге салынған жұмысты сөреге немесе үстелге қоюға болады. Ол үшін мен қатырма қағаз кесіндісінен жиектемеге тіреуіш жасадым (164-сурет).



**164-сурет.**  
Жиектемеге арналған тіреуіш жасау



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Топқа бірігіп, өз жетістіктерің туралы не айтуға болатынын талқылаңдар.
- Бірлескен көрме үйымдастырыңдар.
- Нені жақсы жасағандарыңды және нені жасау қын болғаны туралы айтып беріңдер.
- Жұмыс дәптерінің 105-бетіндегі тапсырманы орындаңдар.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



### Дені саудың – жаны сау

тарауын оқып-үйрену барысында  
сен:

- сұлбаның не екенін білдің;
- көлеңке театрын қалай жасау  
керектігін түсіндің;
- спортшылардың мүсінін жасадың;
- көлеңке театры үшін жазық пішіндер түріндегі  
куыршақтар жасадың;
- спорттық тақырыптағы қойылымды көрсеттің;
- көрмеге қойылатын жұмыстарды дайындаңын.



Қандай қызықты жұмыс  
жасағандарынды қара! Алан  
саған көрме үйимдастыруды  
ұсынады. Көрмеге (156-сурет)  
ең қызықты жұмысынды  
таңда. Мүмкін ол ең ұқыпты  
жұмыс болатын шығар.  
Суреттерге паспартуды ағаш  
шыбықтарынан немесе атлас  
таспалардан жасауға болады.



**165-сурет.** Көрме жұмыстары

**Түсіндір:**

- Жұмысқа арналған затбелгіні қалай жасауға болады?

**Ұсын:**

- Жұмысты қалай жақсарта аласың?
- Паспартуды қандай табиғи материалдармен безендіруге болады?
- Шыбықтардан суреттің жиектемесін қалай жасар едің?
- Көрменің атауына арналған әріптерді қалай безендіресің?

## ГЛОССАРИЙ

**Акварель** – бейнелеу техникасы және бейнелеу өнерінің түрі.

**Анималист** – туындыларында жануарларды бейнелейтін адам.

**Анималистика** – жануарларды бейнелеу.

**Аппликация** – түрлі пішіндегі қағаз, мата немесе табиғи материалдарды фонға жапсыру арқылы бейне шығару.

**Аспан (ғарыш) денелері** – Күн, Ай, жұлдыз, ғаламшарлар сияқты ғарыштық денелер.

**Балауызды бор** – сурет салуға арналған түрлі түсті бор.

**Баспа** – баспа техникасымен салынған із.

**Баспа техникасы** – бұл жазықтықта әртүрлі заттарды басу арқылы кескін алынатын әдіс.

**Бедер** – шығыңқы немесе терендетіліп салынған бейне.

**Бұктеу** – бұктеу сывығы арқылы материалдарды бұгу.

**Біріктіру** – бөлшектерді бір-біріне қосу.

**Геометриялық оюлар** – нақты заттық мазмұны жоқ оюлар тобы.

**Графика** – бейнелеу өнерінің бір түрі; қарындаш, көмір және сиямен салынған суреттер.

**Графикашы** – графикалық туындылар жасайтын суретші.

**Гуашь** – қою бояу түрі. Оны сумен сұйылтуға болады.

**Ғарыш** – айналамызды қоршап тұрған шексіз кеңістік.

**Ғарыштық пейзаж** – ғарыш кеңістігі, жұлдыздар, ғаламшарлар бейнесі.

**Диорама** – фон мен түрлі заттардан құралған шағын орындағы композиция.

**Дрон** – ұшқышсыз ұшу аппараты.

**Ермексаз** – әртүрлі заттарды мүсіндеуге болатын жұмсақ, иілімді материал.

**Ермексаз кескіші** – ермексазбен жұмыс істеуге арналған пластик немесе ағаш құрал.

**Жаймалау** – иілімді материалдың көлемді кесектерін жазық қабатқа айналдыру.

**Жалпақтау** – көлемді кесекті жалпақ қабатқа айналдыруға арналған жұмыс тәсілі.

**Жүргізуші** – көлік құралын жүргізетін адам.

**Затбелгі** – заттарға қатысты ақпараттар жазылатын арнайы белгі. Оған жұмыстың тақырыбы мен авторын жазуға болады.

**Заттың көлеңкесі** – затты жарықтандырған кезде көрінетін заттың сұлбасы (жарықтандырылған жерде барлық заттар көлеңке түсіреді).

**Зергер** – зергерлік бұйымдар жасаушы шебер.

**Ілімді материалдар** – көлемді бұйымдарды жасауға болатын жұмсақ, иілгіш материалдар.

**Кескіндеме** – адамды және қоршаған әлемді бояулармен бейнелеу өнері.

**Кескіндемеші** – әртүрлі бояулармен сурет салатын адам.

**Композиция** – шығармадағы әртүрлі бөліктерді құрастыру, біріктіру және үйлестіру.

**Космогониялық оюлар** – ғарыштық денелер негізінде пайда болған оюлардың тобы.

**Көлемді пішіндер** – барлық жағынан көруге болатын пішіндер.

**Көрме** – шығармашылық жұмыстарды көрсету.

**Күй** – музыкалық аспапта ойнау арқылы берілетін әуен. Күйді әртүрлі ұлттық аспаптарда, көбінесе домбыра мен қобызда күйшілер орындаиды.

**Қатырма қағаз** – қалың және қатты қағаз.

**Қимаулгі** – қатырма қағаздан жасалған пішін.

**Қолда бар заттар** – шығармашылық үшін пайдаланылатын онай табылатын қарапайым заттар немесе құралдар.

**Құрама түстер** – араластыру арқылы алынатын түстер.

**Құрылышы** – үйлер мен түрлі ғимараттарды салатын адам.

**Лэнд-арт** – табиғи ортада табиғи материалдардан жасалған өнер туындылары.

**Монотипия** – бейнелеу өнерінде қолданылатын баспа техникасының түрі.

**Мөртабан** – таңба салуға арналған қол құралы.

**Мүсіндеу** – иілімді материалдардан көлемді заттар жасау.

**Мүсінші** – көлемді бейнелерді ағаштан, тастан, ермексаздан, саздан жасайтын, металдан құятын шебер.

**Натюрморт** – жансыз заттардың бейнесі.

**Оригами** – қағаздан бүктеп түрлі пішіндерді жасайтын жапондық техника.

**Отбасылық портрет** – бір отбасындағы бірнеше адамның бірлескен бейнесі.

**Ою** – әртүрлі үлгіде қалыптасып, өзіндік атауларды иеленген нақыш түрлері.

**Ою-өрнек** – жалпы оюлар мен өрнектерді білдіру үшін қолданылатын ұғым.

**Өрнек** – оюлар, түрлі пішіндер, сзықтар, дақтар мен нұқтелердің белгілі бір қашықтықта үйлесімді ырғағы арқылы құрылған нақыштар.

**Паспарту** – ортасында суретке арналған ойығы бар қаттама қағаздан жасалған жиектеме.

**Пейзаж** – табиғатты бейнелейтін сурет өнерінің жанры.

**Портрет** – адамды бейнелеуге арналған сурет, мүсін және графика жанрларының бірі.

**Пішін** – заттың сыртқы түрі, сипаты.

**Ренқ** – түстердің аздаған, әзер байқалатын айырмашылығы.

**Сарын** – ою-өрнектің басты бөлігі.

**Сәндік пейзаж** – геометриялық пішіндер мен түрлі сзықтар арқылы бейнеленетін пейзаж.

**Сәндік-қолданбалы өнер** – тұрмыстық заттарды безендіру өнері.

**Симметрия** – заттың екі жағының бірдей болуы.

**Сұлба** – контурлы жазық бейне.

**Сызық** – қарындаш, фломастер, қаламның қағазда қалдыратын ізі.

**Сюжет** – өмірдегі оқиғалардың картинада бейнеленуі.

**Театр** – адамдардың өміріндегі, ертегідегі оқиғалардан көріністерді актерлер көрсететін орын. Көлеңке театрында

актерлер мен саңнаның орнына сұлбалар мен экранды пайдаланады.

**Текстура** – әртүрлі заттардың бетіндегі өрнек бейнелері. Ол жасалған материалын көрсетеді.

**Тоқыма** – талшықтардан тоқып жасалған материал.

**Фактура** – кез келген заттың беткі қабатының сипаты, оның бедері.

**Фон** – сурет, мәтін орналастырылатын негізгі түс, кескін немесе түрлі көріністердің артқы жағы.

**Шашырату** – сурет өнерінің бояу тамшыларын қағаз парағына шашырататын ерекше техникасы.

**Шетен** – биіктігі 10–15 метрдей болатын ағаш.

**Штрих** – қысқа сзыбықтар.

**Шұлы дыбыстар** – әртүрлі жануарлар, заттар, табиғат құбылыстары шығаратын дыбыстар.

**Үрғақ** – бірдей бөліктерінің қайталанып немесе кезектестірілуі.

**Іргетас** – ғимаратты көтеріп тұратын ең астыңғы бөлігі.

## Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.** 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2013. – 264 с.
- 2.** Азаров Ю. П. Искусство воспитания. М.: Просвещение, 1985. – 79 с.
- 3.** Журикова Т. Л. Колористическая подготовка обучающихся на занятиях по живописи в художественной школе. Омск, 2014. – 120 с. Ребеко Елена Александровна, Алендукова Алина Анатольевна.
- 4.** Казахстанская серебряная монета признана самой красивой в мире [https://kino.mail.ru/news/43095\\_kazahstanskaja\\_serebrjanaja\\_moneta\\_priznana\\_samoj\\_krasivoj\\_v\\_mire](https://kino.mail.ru/news/43095_kazahstanskaja_serebrjanaja_moneta_priznana_samoj_krasivoj_v_mire).
- 5.** Князева О. В. Средства художественной выразительности в русской портретной живописи XVII–XIX веков // Система ценностей современного общества: XLIII Межд. научно-практич. конф. Новосибирск: изд-во ЦРНС, 2015. – С. 80–85.
- 6.** Левина М. И. 365 веселых уроков труда. М.: Рольф, 2003.
- 7.** Лиз Эрзог. Создаем наброски животных и птиц шаг за шагом / Пер. с фр. – М.: «Контэнт», 2021. – 64 с.
- 8.** Миллер Т. Жизнь в окружающей среде. В 2-х т. – М.: Пангея, 1994.
- 9.** Прыскина Е. А. Развитие цветовосприятия младших школьников на уроках изобразительного искусства // Артемовские чтения: X Межд. конф. (Самара 15–17 февраля 2018). Самара: ТОО «Научно-технический центр», 2018. – С. 379–385.
- 10.** Соколов А. В. Посмотри, подумай и ответь. М.: Просвещение, 1981. – 120 с.
- 11.** Чаговец Т. П. Словарь терминов по изобразительному искусству. Живопись, графика, скульптура. Издательство Лань Спб, 2017.
- 12.** Энциклопедия для детей. Искусство (т. 7) – часть 1. М.: Аванта, 1997.

*Учебное издание*

**Ермилова Елена Владимировна  
Попкова Светлана Валерьевна  
Козина Светлана Степановна**

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД**

Учебник для 1 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Оқулықты безендіруге Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының  
картиналары, ықылас атындағы Халық музикалық аспаптар музейі  
экспонаттарының суреттері,  
Алматы қаласындағы №83 гимназия МКМ оқушыларының еңбектері  
қолданылды.

Иллюстрациясын жасағандар: Е. Мельник, Л. Уралбаева.

Редакторы Е. Жайнақов  
Көркемдеуші-дизайнері Г. Албаева  
Техникалық редакторы И. Тарапунец  
Корректоры Ж. Баймағамбетова  
Компьютерде беттеген А. Ахметханқызы



ИБ № 6292

Басуға 30.06.21 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі "Segoe UI". Офсеттік басылыш.  
Шартты баспа табағы 12,90. Шартты бояулы беттаңбасы 52,24.  
Есептік баспа табағы 6,53. Таралымы 85 000 дана (II зауыт). Тапсырыс №

**"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**  
**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**  
**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**  
**E-mail: [mekter@mail.ru](mailto:mekter@mail.ru)**  
**Web-site: [www.mekter.kz](http://www.mekter.kz)**